

3

Кемеге мінген теңізде жүзеді



6

Әлемдік медиакеністіктегі әріптестер



Сыр бойы

№93-94 (21168-21169) 27 маусым, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҚАЛАМ ЕЛДІ ТҮЗЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде сөз сөйледі. Ең алдымен бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

— Бұл кәсіби мерекенің ел өмірінде алатын орны айрықша. Себебі журналистер қауымы — ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Қазіргі жаһандық технология дамыған заманда азаматтарға жедел, сапалы әрі шынайы ақпарат тарату, ұтымды сараптама ұсыну да журналистер қауымына жүктелген абыройлы міндет саналады. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Ел Президенті ретінде бүгін мен барша медиа саласы мамандарына шынайы ризашылығымды білдіремін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдарын ұлттың үні, қоғамның айнасы деуге толық негіз бар. Өйткені өз азаматтарымызбен қатар, күллі әлем қауымдастығы елімізде жасалып жатқан ауқымды өзгерістердің түпкі мәнін, ең алдымен, отандық медиа арқылы танып, біледі.

— Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстан журналистері осы жауапкершілікті терең сезініп, кәсіби міндеттерін жемісті атқаруда. Наурыз айында біз — бәріміз бір ел болып, конституциялық реформаны табысты жүзеге асырдық. Жалпыұлттық референдум кезінде халқымыз мемлекеттің келешегін айқындайтын тарихи таңдауын жасады. Еліміздің бас құжаты — жаңа Конституциямыз өз тұғырына қонды. Ата заңды әзірлеу және қабылдау оңай шаруа емес екені анық. Бұл — бірлігі бекем, рухы биік және жарқын болашаққа деген сенімі зор ұлттың ғана қолынан келетін бірегей қалам. Біз осы мақсатқа жету үшін ұзақ жолды жүріп өттік. Арнайы Конституциялық комиссия құрып, Негізгі заңның әр бабын ел мүддесін тұрғысынан мұқият сараладық. Бүкіл жұртты бір мұратқа ұйыстырған ортақ істе медиа саласы мамандарының маңызды рөл атқарғанын ерекше атап өту қажет.

Журналистер қауымы Конституциялық комиссияның қызметі туралы сапалы және мазмұнды хабарлар таратты. Сондай-ақ Ата заңға енгізу үшін ұсынылған түзетулерге қатысты жан-жақты талдау жұмысын жүргізді. Науқан кезіндегі тікелей эфирлер, сараптамалық материалдар мен танымдық сұхбаттар — соның айқын дәлелі. Жалпы, журналистер өз кәсібилігін толығымен көрсетті. Осы салада нағыз кәсіби маман болу дегеніміз — «қолдан жасалған» айқай-шу немесе даңғазу жасау емес, бұл — ең алдымен өзекті мәселені жан-жақты білу және тақырыпты жетік менгеру деген сөз.

Комиссия отырысының әлеуметтік желідегі эфирлері де миллионнан астам қаралым жинады. Осылайша, Ата заң жобасын талқылау жалпыұлттық деңгейдегі пікірталасқа ұласты. Бұл іске елге жанашыр азаматтарымыз түгел қатысты. Мәселен, «e-Government» және «e-Өтініш» цифрлық жүйесі арқылы мындаған өтініш келіп тұсті. Түптеп келгенде, мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының нақты көрінісі екені сөзсіз. Конституциялық комиссия мүшелері салмақты әрі ұтымды ұсыныстардың ешқайсысын назардан тыс қалдырған жоқ, оның бәрі мұқият зерделенді. Бас құжаттың жобасын дайындау және оны талқылау тәжірибесі мемлекет пен азаматтардың қарым-қатынасын мүлдем жаңа деңгейге көтерді. Комиссия құрамында масс-медияның беделді өкілдері де болды. Сондықтан журналистер қауымын жаңа Ата заңымыздың тең авторларының бірі деп айтсақ, қате болмайды, — деді Президент.

2-бет

/// ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2026

ТӨЛ МЕРЕКЕ ТАРТУУЫ



Әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани құбылыстардан ақпарат тарататын ірі медиакеністік — аймақтың БАҚ саласы бұқара мен биліктің арасын жалғаған алтын көпір. Қоғамның талабынан қалыс қалмай, халықтың үніне құлақ түріп, әлеуметтің жай-күйін түрлі тақырыптар аясында тарқатып, мемлекеттік саясаттың дұрыс жүргізілуіне дәнекер болып жүрген журналистер еңбегі әрдайым ел назарында.

Айталық, бүгінде Сыр өңірі медиакеністігінде 150 бұқаралық ақпарат құралы қызмет көрсетеді. Оның 13-і мемлекеттік, 137-сі тәуелсіз, 120 газет, 27 интернет сайт пен ақпараттық агенттіктер, 3 телеарна бар.

28 маусым — Бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Өнер орталығында жылдағы дәстүрге сай «Қанатты қалам — 2026» салтанатты іс-шарасы өтті. Оның аясында тарихи жүз жылдан әрі бастау алатын Сыр журналистикасының өткені мен бүгінгі сарапталып, сала қайраткерлерінің есімдері құрметпен аталды. Айталық, биыл аймағымыздың жетекші арнасы — «Qyzylorda» телеарнасы 35 жылдық мерейтойын атап өтті. Сондай-ақ отыз жылға жуық көрермен көз-айымына айналған «Қоғам ТВ» телеарнасының да ақпараттық саясаттағы орны ерекше. Ал дәстүрлі қазақ баспасөзінің бастауы, Сыр журналистикасының қарашаңырағы саналатын облыстық «Сыр бойы» газетінің ғасырға таяу тарихы бар.

Мерекелік жиында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев өңірдің БАҚ саласында қызмет етіп жүрген журналистер қауымының қоғам алдындағы маңызды да жауапты

міндетті абыроймен атқарып келе жатқанын атап өтіп, өңірдегі жанашыл бастамаларды халыққа жеткізудегі еңбектерін жоғары бағалады.

— Құрметті ақпарат саласы қызметкерлері, қадірлі сала ардагерлері, баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз — бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Мемлекет саясатын халыққа жеткізуде айрықша рөл атқаратын ақиқат сөздің алдаспаны, өткір ойдың, шынайы пікірдің жақтаушысы болған ақпарат саласы қызметкерлерінің мерекесіне арналған салтанатты шарада бас қосудамыз.

Бүгінгі мереке — мерзімді басылымдар мен телеарнада, ақпараттық агенттік пен сайттарда қызмет жасайтын шығармашылық өкілдерінің журналист жасаған сюжет және жазған мақаланың жарыққа шығуына еңбек сіңіретін мамандардың мерейлі күні.

Мереке қарсаңында Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін Ақорда төрінде қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады.

Қадірлі жерлестер, Мемлекет басшысы: «Журналистер қауымы ең алдымен қоғамның жаршысы әрі шынайы жанашыры. Сіздер әрдайым халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелерді көтеріп, жұрт мүддесіне адал қызмет етіп келесіздер. Мемлекет сіздердің ерен еңбектеріңізді жоғары бағалайды» деп барша медиа саласы мамандарына шынайы ризашылығын білдірген болатын.

Осы орайда Алаштың анасы атанған қасиетті Сыр өңірінің ұлттық журналистика тарихында айрықша орны бар, — деді облыс әкімі.

Иә, күні кеше Ақордада БАҚ саласы қызметкерлері күніне орай өткен мерекелік жиында Сыр журналистикасының ардагері «Qyzylorda» облыстық телеарнасына отыз жылдан астам басшылық еткен Жағыппар Қарабала Президент қолынан «Парасат» орденін алған болатын. Облыс әкімі Мұрат Нәлжолжаұлы марапат иесін Сыр халқы алдына құттықтап, ыстық ықыласын білдірді.

Салтанатты жиында облыс әкімі бірқатар сала қызметкеріне ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалін, ҚР Президентінің орынбасары, Мәдениет және ақпарат министрі А.Балаванын, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Н.Нәлібаевтың «Алғыс хатын», облыстың ең жоғары марапаты — облыстың Құрмет грамотасын және облыс әкімінің «Қанатты қалам» аталымына сай түрлі марапаттар табыстады.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасымен БАҚ саласы өкілдеріне баспана беріле бастаған еді. Осы уақытқа дейін 200-ден астам журналист осындай қолдауға қол жеткізген болатын. Биыл осы жақсы жаңалық облыстарда жалғасын тауып, екі әріптесіміз, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Әзіз Жұмалділаев, облыстық телеарна операторы Рамазан Жүсіпбек пәтер кілтін алды. Кейінгі жылдары қандай да бір әлеуметтік қолдаудан қалыс қалып жүрген журналистер қауымы үшін бұл жаңалықтың әсері айрықша болғанын жасырудың қажеті жоқ.

Мерекелік жиын облыстық филармония өнерпаздарының концертпен жалғасын тапты. Кеш аясында аймақтың БАҚ өкілдеріне облыс әкімінің атынан арнайы ықылас гүлі ұсынылды.

Ғазиза ӘБИЛДА,
«Сыр бойы»

/// «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ – 2026»

ӨҢІРЛІК КӨРМЕДЕ ҮЗДІКТЕР ТАНЫЛДЫ

Аймақ кәсіпкерлері мен тауарөндірушілері жыл сайынғы «Алтын сапа» сыйлығы мен «Қазақстанның үздік тауары» дәстүрлі республикалық көрме-байқауына белсенді қатысып келеді. Бұл — отандық тауарөндірушілерді қолдауға, өнім сапасын арттыруға және ұлттық брендтерді дамытуға бағытталған маңызды шара.

Кеше «Құзыреттілік орталығында» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, мәслихат депутаттары, жергілікті бизнес өкілдері, даму және қаржы институттары басшылары «Қазақстанның үздік тауары – 2026» өңірлік көрме-байқауында болды.

3-бет



Валюта бағамы \$ 485,4 kzt

€ 554,77 kzt

₸ 6,41 kzt

Ауа райы:

Сенбі

☀️ +33°

🌙 +24°

Жексенбі

☀️ +34°

🌙 +21°

ҚАЛАМ ЕЛДІ ТҮЗЕЙДІ



Мемлекет басшысы жаңа Конституция – халқымыздың темірқазығы, әділетті қоғамның мұзғымас тұғыры және орнықты дамуың берік кепілі екеніне назар аударды.

– Негізгі құжатта еліміздің Егемендігі мен Тәуелсіздігін қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мүлтіксіз сақтау, Заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету, жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту басты қағидаттар ретінде бекітілді. Конституцияда білім мен ғылымды, инновацияны және адам капиталын дамыту стратегиялық бағыт деп танылды. Сонымен қатар халықтың әл-ауқатын арттыруға, жасампаз отаншылдық пен еңбексүйгіштік идеясын дәріптеуге, табиғатқа қамқорлықпен қарауға басымдық берілді. Бірнеше күннен соң, яғни I шілдеде Конституциямыз заңды күшіне енеді. Қазақстан түбегейлі жаңа дәуірге қадам басады. Конституция еліміздің саяси және идеологиялық арқауы ретінде ұзақ жыл бойы халық игілігіне қызмет етеріне сенемін. Қазақстанның дамыған және озық ел болғаны өзімізге ғана керек. Біздің басқа еліміз жоқ. Сондықтан қазіргі және келер ұрпақтың алдында аса маңызды міндет тұр. Бұл – Отанымызды онегілі мемлекетке айналдыру. Немерелеріміз ағымдағы кейбір олқылықтарымызды, қателерімізді кешіруі мүмкін. Себебі әр жұмыс, әр еңбек қатесіз болмайды. Бірақ Егемендігімізге зиян келтіріп, Тәуелсіздігімізді қорғай алмасақ, олар бізді ешқашан кешірмейді. Өйткені Тәуелсіздік – бәрінен қымбат қасиетті құндылық. Ал Тәуелсіздікті сақтап, елімізді одан әрі дамыту үшін ең алдымен қоғамымызда татулық пен тұрақтылық болуы қажет. Онсыз ештеңе болмайтыны айдан анық. Мемлекетіміздің тұғыры – әділеттілік. Бұл ұғымның масылдыққа, селқостыққа ешқандай қатысы жоқ. Керісінше, әділеттілік, бұл – еңбеккерлік ұғымына жақын түсінік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент ел тағдырына тікелей әсер ететін маңызды оқиға қарсаңында Парламенттің 8-ші шақырылымы өз жұмысын аяқтайтынын еске салды.

– Қос палатаның бірлескен отырысына міндетті түрде қатысамын: тарихи кезеңде атқарылған жұмысты қорытындылап, ел дамуының жаңа кезеңіндегі негізгі мақсат-міндеттерге тоқталып өтеміз. Біз, Қазақстан халқы

жасампаз әрі озық ойлы ұлт ретінде алысқа көз тігеміз. Осы даңғыл жолда берекелі бірлігіміз бен ырысты ынтымағымызды күшейтіп, барлық мақсатымызға жетеміз. Мен бұған көміл сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, отандық бұқаралық ақпарат құралдары өздеріне жүктелген жауапты миссияны жоғары деңгейде атқару үшін халықаралық медиа қоғамдастықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тиіс.

– Медиаиндустрия цифрлық дәуірдің сын-қатерлерімен алғашқылардың бірі болып бетпе-бет келді. Осылайша, цифрлық матрицаның – қоғам өміріндегі жаңа санаттың бір бөлігіне айналды. Нарықтың түбегейлі өзгеруі салдарынан жаңалықтар порталы, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер алдыңғы қатарға шықты. Мерзімді баспасөз бен телевизия бұрынғы үстемдігінен айырылды. Қазіргі жағдай осындай. Алайда мен «Дәстүрлі медианың дәурені өтті» деген пікірмен келіспеймін. Керісінше, газеттер мен телеарналар жаңа форматқа көшіп, инновациялық мультимедиялық платформа құрып, заман талабына сай дамып келеді. Олардың басты артықшылығы – мәселені терең талдап, шолу мен сараптама ұсына алуында. Ақпараттық кеңістікте қарабайыр тақырыптар қаптап, ұсақ-түйекті сөз кылу көбейген заманда сапалы әрі өзекті журналистиканың маңызы еселеп артады. Сондықтан, менің ойымша, дәстүрлі БАҚ қым-қиғаш уақиғалар нөпірінде қоғам үшін ақпарат айдынындағы компас, типті идеологиялық бағдар рөлін алдағы уақытта да атқара береді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналистердің жалған ақпарат таратуға қарсы күресте атқаратын рөліне тоқталды.

– Заманауи технологиялар цифрлық алаңда алауыздықты әдейі ұшықтыратын «ботофермалардың» пайда болуына түрткі болды. Көпекөрінеу жалған ақпарат тарату, адамды қаралау, өтірікті шындай соғатын қауіпті құбылыс қалыптасты. Оны қазір дипфейк деп атайды. Яғни объективті фактілер эмоцияның көлеңкесінде қалып, қасақана арандатушылық туғызады. Қоғамның ынтымақ-бірлігіне сына қағып, мемлекеттік институттардың атына кір келтіру үшін жасанды интеллект құралдары қолданылады. Танымал тұлғалардың

жасанды цифрлық бейнелерін түпнұсқадан ажырату мүмкін емес. Мұндай технологияларды түрлі алаяқтар мен деструктивті күштер белсенді пайдаланады. Сондықтан медиа саласының қызметкерлері жауапкершілік танытып, мемлекеттің аталған гибриді, аса қауіпті қатерлерге төтеп беруіне атсалысуға тиіс. Осы орайда сіздердің еңбектеріңіз орасан, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Қазақстанда БАҚ қызметіне қажетті жағдай жасалғанын айтты.

– Елімізде пікір алуандығы мен сөз еркіндігі бар, ал цензураға заң жүзінде тыйым салынған. Алайда сөз бостандығы дегеніміз жүгенсіздікке және тәртіпсіздікке жол беру деген сөз емес. Сондықтан қоғамдық пікірді өздерінің теріс пиғылына пайдаланып, медиа саласында айласын асырғысы келетіндер мына бір қарапайым қағидадан жадында ұстауы қажет: бірде-бір адам шексіз құқық иесі емес. Басқаша айтсақ, өз құқыңды білу және сақтау өзгенің құқың бұзу немесе ар-ожданым таптау деген сөз емес. Алдымызда адамдар жалған ақпараттың жетегінде кетпей, күршілі күрметтен ажырату үшін медиасуаттылықты барынша арттыру міндеті тұр. Қоғам қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет, соның ішінде кез келген заңсыз ақпаратты жедел анықтау және бұғаттау жұмысын қолға алу өте маңызды. Біз Заң мен тәртіпке бағынатын ел ретінде құқықтық нигилизмге, әсірешілдікке, яғни, радикализмге және халқымыздың болмысына жат құндылықтарды насихаттау ісіне түбегейлі тосқауыл қоюымыз керек. Бұл – өте маңызды міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сән-салтанатты өмір мен «женіл ақша» культін дәріптеу дұрыс емес деп санайды.

– Өйткені бұл өскелең ұрпақты адастырып, олардың дүниетаным құндылықтары мен өмірлік мұратына теріс ықпал етеді. Жастар медиа-кеңістіктен ысырапшылық пен мәнсіз ырду-дырдуға толы алдамшы өмірді емес, керісінше, жасампаз еңбекті, адал табыстың, ішкі мәдениеттің нағыз үлгісін көруі керек. Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркенітке жетелейтін ағартушылық жолдағы жамшырақ

болуы керек. Қазір біз біртұтас ұлт болып, өркендеген, заманауи, яғни озық мемлекет құрып жатырмыз. Бірақ бұл – төл құндылықтарымызды ұмыту деген ұғым емес. Біз жұртымызға тән игі қасиеттерді жаңғырта түсуіміз керек. Мұны азаматтарымыз, әсіресе, жастарымыз терең түсінуі қажет. Мәдениеті жоғары елдің әлемдегі мәртебесі де, беделі де биік болары айқын. Ал нағыз мәдениет үйде де, түзде де әдеп сақтау, көпшілік ортада өзін дұрыс ұстау, басқа адамдарды құрметтеу, сыйлау сияқты қарапайым қағидалардан басталады. Қазақ халқы әдептен аттамаған, әрдайым үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген. Жақынына жанашыр көзбен қарап, жығылғанға демеу, сүрінгенге сүйеу болған. Біздің шынайы болмысымыз – осы. Сондықтан адамның ар-намысына нұқсан келтіретін, қауіпсіздігіне қатер төндіретін кез келген әрекетке жол бермеу қажет. Біз озық ел ретінде қоғамда салт-дәстүрімізге негізделген өркеніетті этикалық нормаларды орнықтыра түсуіміз керек. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Осы бағыттағы жұмысты күшейту – айрықша маңызы бар міндет. «Қалам елді түзейді» деген сөз бекер айтылмаған. Осы орайда, біз сіздерге – журналистер қауымына зор үміт арттамыз. Ақпарат саласының қызметкерлері қашанда ұлт сапасын жақсартатын құндылықтарды дәріптеу ісіне белсене атсалысуы қажет деп санаймын, – деді Президент.

Мемлекет басшысы журналистика саласында қай кезде де ұлт мүддесін бәрінен биік қоятын, парасатты, нағыз отаншыл тұлғалар қызмет еткенін атап өтті.

– Олар халықтың сана-сезімін оятып, елдің енесін көтеруге зор үлес қосты, ағартушылықпен айналысып, халықты білім мен ғылымға шақырды. Сіздер де аға буын салған сара жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Баршаңызға тағы да зор алғыс айтамын. Мемлекет медиа саласы қызметкерлерін әрдайым қолдайды, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса мән береді. Баршаңызға мәлім, жыл сайын кәсіби мереке қарсаңында тілшілер қауымына пәтер кілтін табыстау жақсы дәстүрге айналды. Соңғы үш жылда Астана қаласында ғана 200 журналист баспаналы болды. Енді бұл бастаманың ауқымын кеңейте түсуді көздел отырмыз. Әсіресе, сапалы хабар таратып, қажырлы қызмет етіп жүрген аймақ тілшілерінің


еңбегін елеусіз қалдыруға болмайды деп санаймын. Сондықтан менің тапсырмаммен осы жылы алғаш рет облыстарда жұмыс істейтін журналистерге де пәтер кілті табысталады. Жалпы, биылдың өзінде бүкіл еліміз бойынша ақпарат саласының 66 қызметкеріне баспана беріледі. Бәріңізге құтты болсын деймін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Күшті Қазақстанды құру ісіне орасан зор үлес қосып келе жатқаны үшін алғыс айтты.

– Сіздер қоғамда «Заң мен тәртіп», «Адал азамат» қағидастарын орнықтыруға, сондай-ақ «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын кеңінен дәріптеуге белсене атсалысып келесіздер. Сол арқылы халқымыздың болмыс-бітімін және санасын жаңғыртуға зор еңбек сіңіріп жүрісіздер. Алдағы уақытта да ақпарат саласының мамандары ел игілігіне қызмет ете берелі деп сенемін. Мен бүгін Қазақстан Республикасының журналистикасы мен телевизиясының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін медиа саласының үздік мамандарына жоғары мемлекеттік награда беру туралы Жарлыққа қол қойдым. Марапатталған азаматтардың арасында саналы жұмырын ақпарат саласына арнаған ардагер қызметкерлер де бар. Осы тұста ұлттық телевизияның алғашқы кәсіби мамандарының бірі, қазақ тіліндегі тұңғыш эфирді жүргізген майталман диктор Зұлкия Жұматованы ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі таңда 106 жасқа келген ардақты тұлғаны халқымыз айрықша құрметтейді. Сондықтан мен Зұлкия Мұқанқызына «Құрмет» орденін табыстау туралы шешім қабылдадым. Сондай-ақ қазір ортамызда отандық медианың мәртебесін арттырып жүрген тәжірибелі азаматтар отыр. Олардың қатарында Ертай Ашықбаев, Татьяна Корещая, Қайрат Мұсақұлов, Қымбат Досжан сынды танымал журналистер бар. Тілшілердің жас буыны сіздерге қарап бой түзейді, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан бір топ БАҚ қызметкерін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Сондай-ақ журналистерге Президенттің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлығы, гранты және Алғысы тапсырылды.


ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ҮЛГІСІ



Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында Ақордада өткен салтанатты рәсімде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сәланың бірқатар өкілін мемлекеттік наградалармен марапаттады. Президент өз сөзінде журналистердің қоғамдағы маңызды рөлін атап өтіп, олардың мемлекеттік саясатты түсіндіру, халық пен билік арасындағы сенімді нығайтудағы еңбегіне жоғары баға берді.

Мерейлі жиында белгілі тележурналист, «Qyzylorda» телеарнасының ардагері Жағыппар Қарабала «Парасат» орденімен наградалды.

Жағыппар Аманжолұлының еңбек жолы журналистикаға адалдықтың, кәсіби шеберліктің және туған өлкеге деген жанашырлықтың жарқын үлгісі



саналады. Көпжылдық тәжірибесі мен талапшылығының арқасында Сыр өңірінде телевизияның кәсіби мектебін қалыптастырды. Бүгінде сол мектептен

шыққан мамандар отандық ақпарат кеңістігінде табысты еңбек етуде.

Мемлекет басшысынан марапат алғандар қатарында жерлесіміз, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріп те бар. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Бұл

марапат оның ғылым мен білім саласындағы көпжылдық еңбегі мен ел руханиятын дамытуға қосқан үлесінің жоғары бағаланғанын көрсетеді.

Амантай Шәріп қазақ әдебиеті мен журналистикасының өзекті мәселелерін зерттеп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға зор еңбек сіңірген ғалым ретінде кеңінен танымал. Ол ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар, ақпарат саласында да белсенді қызмет атқарып, әр жылдары «Qyzylorda» телеарнасын басқарып, өңірлік журналистиканың дамуына елеулі үлес қосты.

Ғалымның басшылық кезеңінде телеарна мазмұндық тұрғыдан жаңарып, өңірдің қоғамдық-саяси, мәдени және рухани өмірін кеңінен насихаттайтын маңызды ақпараттық алаңға айналды.

Кәсіби мерекеде жерлестеріміз, тележүргізуші Қымбат Досжан және Гүлмира Дайрабай «Құрмет» орденін, Президент телерадиокешенінің аға телеоператоры Жанабай Ахметов, «Абай TV» телеарнасының редактор-продюсері Сәуле Алдамұратқызы «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.

Бұл – Сыр өңірінде қалыптасқан, қанатын кен жерің журналистика мектебінің мерейі! Марапатқа ие болған әріптестерімізді құттықтап, шығармашылық қызметіне толағай табыс тілейміз.

Өңірлік көрмеде үздіктер танылды



Аймақ басшысы бәсекеге қабілетті өнім шығарып, сапалы қызмет көрсету еліміздің өркендеуіне нақты іспен үлес қосу екенін атап өтті.

– Бұл міндетті жүзеге асыруда кәсіпкерлер қауымының еңбегі мен жауапкершілігі ерекше. Көрмені аралау барысында сапалы өнімдерді өзімізде шығаруға болатынын көрдік.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы» деп атап өткен болатын.

Облыс экономикасын әртараптандыруда жоғары сапалы, экспортқа бағытталған өндіру өнеркәсібі қарқын алды. Алдағы 3 жылда 48 инвестициялық жобаны жүзеге асырып, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын құру көзделген.

Бүгінгі көрме-байқау алаңы – кәсіпкерлер арасындағы өзара ынтымақтастықты күшейтіп, жергілікті өнімдерді тұтыну мен өткізуді арттыруға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

1-бет

Жақында «Марал Нұр» серіктестігінің жоғары технологиялық вагондарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені ашылды. Бұл компания теміржол инфрақұрылымын дамытудағы сапалы жұмысы үшін өткен жылы «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанды.

Өткен айда испандық «Рока Груп» компаниясының санитарлық-техникалық бұйымдар, «Севен Риверс» компаниясының шыны ыдыстар шығаратын зауыттарының капсуласы салынды. Алдағы уақытта жаңа өндірістердің жоғары сапалы өнімі облыс экономикасын өркендетуге септігін тигізеді.

Биылғы көрме-байқауға экономиканың түрлі салаларынан 62 тауарөндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалау қорытындысы бойынша «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлары» және «Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациялары бойынша 9 жеңімпаз марапатталды.

Қазір Қызылорда облысында 60 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл секторда 113 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылған. Биыл кәсіпкерлікті қолдауға шамамен 25 млрд теңге бөлініп, 553 жоба қаржыландырылды.

ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖОБАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

– Биыл облыста дәндік жүгері 10 мың гектарға егілді. Жүгеріні терең өңдеу және тұқым шаруашылығын дамытуға, минералды тыңайтқыштар өндірісіне, жоңышқаның экспорттық әлеуетін арттыру бағытындағы бірлескен жобаларға қызығушылық артып отыр.

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев қытайлық компаниялардың өкілдері Ван Дэфанг, Лю Сюэцэй, Ван Цинцэй және Бай Яньлунмен кездесті. Кездесуде өндіріс агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, ауыл шаруашылығы өндірісін әртараптандыру және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды.



Мұрат Нәлқожаұлы су үнемдеу технологияларын енгізуге, суды аз қажет ететін дақылдардың егіс көлемін ұлғайтуға ерекше мән беріліп отырғанын атап өтті.

Облыс басшылығы инвесторлармен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатуға әрдайым дайын.

Кездесуде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды. Басты артықшылықтар қатарында аймақтың халықаралық көлік дәліздерінің бойында орналасуы, суармалы жер қорының молдығы және қолайлы табиғи-климаттық жағдайы атап өтілді.

Бүгінде облыста 286 мың гектар суармалы жер бар. Оның 178,6 мың гектары – инже-

нерлік жүйеге келтірілген күріш ауыспалы егістіктері.

Кейінгі жылдардағы су тапшылығына байланысты күріш егістігі онтайландырылып, ылғалды аз қажет ететін дақылдар көбейтілуде. Агроөнеркәсіптік кешенді әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу үшін республика көлемінде кешенді шаралар қабылданып, мемлекеттік қолдау тетіктері іске қосылды.

Айта кетейік, су үнемдеу технологияларын енгізуге бағытталған жобаларды субсидиялау үшін алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған.



Шакизада Әбдікәрімов 1956 жылы 16 қыркүйекте Қармақшы ауданы Жаңажол ауылында дүниеге келген.

Ақын, журналист, қоғам қайраткері. «Қоғам ТВ» телеарнасын құрушы, медиа модераторы. Қызылорда облысының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, «Құрмет», «Парасат» ордендерінің, «Тұран» сыйлығының иегері, «Түркі дүниесі ақындарының» Ахмет Нишат атындағы сыйлығының лауреаты.

«Байқоңыр», «Алтын қазық», «Гладиатор», «Сүлейдария» атты жыр кітаптары жарық көрген. Өлеңдері қырғыз, татар тілдеріне аударылған.

КЕМЕГЕ МІНГЕН ТЕҢІЗДЕ ЖҮЗЕДІ

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ДАРЫНДЫ ӨКІЛІ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ЖӘНЕ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ШАКИЗАДА ӘБДІКӘРІМОВПЕН Әңгіме

Алдымен шағын әңгімедегі кейіпкерім Шәкизада туралы айтып алайын.

Ақынның түнгі Ыстықкөл хикаясына шомылып жүріп жазған өлеңі бар еді:

«...Сенбейтін шындық... расында, Жүрген бе қазак қумай дау.

Пері қыз, қалсам қасында, «Суға кетті» деп шулайды-ау!

Түніміз осы ақырғы, Жазды кімдер жалғасын.

Жағаға қайтар ақынды, Жамырап жұрты қалмасын», – деп. Сол айтқанындай, қайсыбір жылы біраз ауырып, «жұрты жамырап қала жаздаған» Шәкенмен қай кезде болса да екіпінді, ерекше көңіл-күй үстінде жолығысасыз.

Тіпті сол емделіп жүрген күнінде де өзінің емес, өзгенің «ауруы» айтып тұрғанын көріп таңғалар едіңіз. Өйткені, оны ауыртатын – төні емес, жаны. Ол қоғамдағы кертартпа мінез, кесепат адамдардан ауырады. Әлемде де, өлеңде де кеткен кемшіліктердің бәрін жүрек сүзгісінен өткізеді, олардың «кірі» кеудесінде қалады.

Ал, енді әңгімеге көшейін. – Шәки аға, біздің бұл әңгімемізді журналшылап сұхбат деп атамай-ақ қойық. Сырласу болсын. Міне, БАҚ қызметкерлерінің көсібі мерекесі де келіп жетті. Бұрын маусым айының соңғы жексенбісі болып белгіленген мереке 2019 жылдан бастап ресми мәртебе алды. Сіз журналист қана емес, журналистік мектеп қалыптастырған ұстазсыз. Мерейлі мерекеніз құтты болсын!

Соңғы кезде «газет оқымайды», «жұрт теледидар көрмейтін болды» деген сөз тіркестері қалыптасты. Бұл жайында не айтасыз?

– Алдымен, барша әріптестерімді кәсіби мерекемен құттықтаймын! Сен айтып отырған әлгі сөз тіркестеріне екі жақты қарауға болады. Жақында Италияның екі жүз жылдық тарихы бар бір газеті қазақтың мақтаншына айналған тума талант өңші Димаш Құдайбергнен сұхбат алды. Италиялықтар оны газет дүкендерінен жылы саумал ішкендей жым-жылас алып кетті.

Бұл өркениетті елдерде баспасөз қадірінің жоғары екенін көрсетеді. Себебі, олардың қабылдау дәрежесі де биік, арзан ақпараттарға алданбайды. Жақында мен бір жапон поэзиясындағы хайку жанрымен өлең жаздым.

«Патшаға да, пақырға да ыңғайлы, Ғалам мынау гаджеттерге үңіліп: Гаремдердің әңгімесін тындайды».

Қазір әлемжелі қазаққа қауіпті үдеріс болып тұр. Баяғыда Шоқан Уәлиханов: «Сауаттылық – сахардадағы жемқорлар мен даукестердің өсек-аяндарын көбейту үшін келді» деген екен.

Ұлы адам ғой, қалай біліп айтқан. Қазір кім болса сол әлемжелі арқылы бір-бірін қаралап, көк есекке теріс мінгізу үшін түк қиналмайды. Бүкіл ел болмысына бір саусақпен «баға беріп» отырғандар анау ауылда да, мынау ауылда да бар. Әлгілердің жазуы жүйкене тиеді, сөйлем түрлерінің стильдік қызметі дегенді олар өмірі естімеген, тыныс белгіні айтудың өзі артық, екі сөзден төрт қате жібереді. Ең жаманы, алдыңғы сапта жүретіндердің өзі сол деңгейге түсті. Соларды тындайды, айтысады.

– Бүгінгі компьютерде отырғандарды ертең кітап оқығандар басқаралы» деген сөз бар. Біздің ертеңіміз қашан, сіз айтып отырған «ақымақ кейіптен» қалай арыламыз?

– Компьютерді ойлап тапқандардың бірі – жапондар. Бірақ, өздері кітап оқиды. Оқырманы жазушысынан озып жүреді. Ендігі кітабы қашан шығар екен деп. Ал, біз нәрестені жұбату үшін қолына смартфон беріп қоямыз. Оны әлдилейтін ата мен әже әлі жұмыс істеп жүр.

Сондықтан біздің ол кейіптен арылуымыз үшін ұрпақ ауысуы керек. Ғаламтордың «ғаламатынан», әлемжелінің әуресінен азап көрген бүгінгі бала әке болып, өз баласын осы жаман әдеттен арылтатын кез келеді.

– «Ғаламтор ғаламаты» деген жақсы сөз емес пе?

– Жақсы сөз, оның білім деңгейі шығанда кеткен, адамға берері шаштөктен. Бірақ, біз жаман жағын алып жатырмыз. Жастардың бір бөлігі осы ғаламтор арқылы құмар ойындардың ұйығына батып, Қазір сарғайып жеткен айлығын қызара бөртіп айырылатын ішкіштер жоқ, спорт түрлеріне бәс тігіп, бір сағатта «дәс» болып шығатындар көп. Міне, дәл осы жосықсыз жат қылықтан бізді жана ұрпақ қана құтқара алады.

– БАҚ мәртебесі туралы бірнеше рет заң қабылданды және қайта қаралды. Соның рахатын көріп жүрміз бе?

– Мемлекет басшысының тапсырмасымен журналистерге пәтер беру шаралары ұйымдастырылғанын білемін. Бұл – Президенттің отандық медиа қызметкерлеріне деген үлкен қолдауы.

Билік тарапынан бұқаралық ақпарат қызметі өкілдерінің әлеуметтік жағдайына мән беру енді ғана қолға алынып жатыр. Екі жылдай бұрын сол кездегі облыс басшысы Н.Нәлібаевтың бастамасымен журналистерге арналған 1 млн теңгелік «Жебе» сыйлығы тағайындалған еді. Бір мәрте ғана берілді. Осындай ынталандыру журналистерді жігерлендіреді.

– Журналист неге қоғамның дерті болып тұрған тақырыпты көтермейді әлде олардың «екі елі аузына бес елі қақпақ» бар ма дейтіндер кездеседі. Ол кісілерге не деп жауап береміз?

– Рас, біз айтатын мәселе аз емес. Бірақ, кейде жеке ұстанымымызды іркіп қаламыз. Сол айтқаныңды өршітіп, тұтатып жібергісі келіп, шала алып жүгіретіндер бар. Қоғамның тыныштығы мен ағайын ауызбірлігінің алдыңғы орында тұрғаны абзал. Онсыз да аспанын жалын жалаған, жерін от ораған әлемде өмір сүріп жатырмыз.

– Жалпы, журналистика бағыты дұрыс жолмен жүріп келе жатыр ма?

– Менің «Таза Қазақстан» деген өлеңім бар. «Қозғалыс екен қолайымызға дәл келген, Тазалайықшы Қазақстанның бақшасын Көңілділік арам шөптерден»

Журналистиканың бағыты осындай болуы керек. Бұл – жауынгер жанр, онда бүгін осындай батылдық, ақиқатшылық аз. Ұлт мәдениетіне, тілге немқұрайлы қарайтын қатарды сиретуге қалам күші қабілетті.

«Кеме келсе, қайық судан шығады» дейді халқымыз. Қоғам білімділік пен жаңашылдыққа жол ашты. Тағамнан шығу керек, ол үшін журналистке тәжірибе аз, терең ізденіс қажет.

Ал, кемеге мінген теңізде жүзеді.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»

БАҚ ЖӘНЕ ЕЛДІК МҮДДЕ

Кеше қала әкімдігінің ұйымдастырумен өткен салтанатты жиында ақпарат саласының өкілдері марапат төрінен көрінді. Арнайы қабылдаған қала әкімі Нұржан Ахатов шығармашылық өкілдерін кәсіби мерекемен құттықтап, қоғам жанашырлары – журналист қауымыға өз алғысын білдірді.

– Журналистика – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін маңызды мамандық. Сіздер күн сайын ел өміріндегі маңызды оқиғаларды халыққа жедел жеткізіп, қоғам мен билік арасындағы сенімді байланысты нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Ақпараттың нақтылығы мен шынайылығын басты қағида еткен еңбектеріңіз жұртшылықтың құрметіне лайық. Мемлекет басшысы БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттау рәсімінде «Бүгінгі журналистер екі маңызды рөлді қоса атқаруға тиіс: яғни олар шындықты боямасыз көрсететін айна, сонымен қатар ұлтты өркендетке жетелейтін ағартушылық жолдағы шамшырақ



Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

болуы керек» деген болатын. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен азаматтық ұстанымдарыңыз ел дамуы жолындағы маңызды құндылықтардың бірі болып қала береді. Өңіріміздің тыныс-тіршілігін

жан-жақты жариялап, халықтың мұң-мұқтажын жеткізіп, өзекті мәселелердің шешімін табуға атсалысып жүрген барша қалам иелеріне алғысымды білдіремін, – деді Нұржан Ахатов.

Жиында қала әкімі мемлекет тарапынан медиа саласының қызметкерлеріне әрдайым қолдау көрсетіліп отырғанын айтты. Соның бірі – Президент бастамасымен жыл сайын кәсіби мерекеде тілшілерге баспана табыстау үрдісі. Енді бұл игі істің ауқымы кеңейіп, Мемлекет басшысының тапсырмасымен осы жылы алғаш рет әр облыста жұмыс істейтін журналистерге пәтер кілті табысталуда. Қуанышты жаңалық Сыр бойында да жалғасып, қос әріптесімізге пәтер кілті берілді.

Марапаттау рәсімінен соң облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев барша Сыр журналистерін құттықтап, олардың облыс дамуына қосқан еңбектеріне табыс тіледі.

Айта кетейік, құрмет төріне көтерілген БАҚ өкілдері арасында әріптесіміз, «Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Ержан Қожас та бар.

«СБ» ақпарат

Ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, колдарына «ғалым-агроном» деген диплом алып, оңтүстікке қайтып жатқан курстастарымен бірге Назерке де пойызға отырды. Жамбылдан, Шымкенттен бәрі қоштасып түсіп қалған соң, Қызылордаға қарай бір өзі кеткен Назеркеге жол тым ұзақ көрінді. Жатып алып, ой жетегіне ерді.

Қызының елге оқу бітіріп келгенін көріп, төбесі көкке жеткендей болатын әке-шешесінің кейіні және Жосалы кентінде тұратын жалғыз әпкесінің ризашылықпен құшағын жая мұны күтіп алатын сәтін елестетіп, дереу жүйткіп келе жатқан пойыздың терезесінен дөңгеленіп қалып бара жатқан ең даладан көз айырмады. Қашан қараңғы түсемін дегенше қарап отырды да қойды. «Дөңгелектер әуені, тынбайды таң атқанша, махаббат боп өтетін өмір қандай тамаша?!» деген ән шумақтарын іштей бірнеше рет қайталады.

Шындығында өмір тамаша ма? Бұл сұрақ есіне Дәурді түсірді... Мерт болғаны рас па екен? Одан соң, Қасымхан... Жиырма алты жастағы кеңшар директорының тағатсыздана күтіп жүргеніне күмәні болмады. Бір сөзден аса жүрген пойыз келесі күні түз әлетінде Жосалы стансасына келіп тоқтады. Нәзіпа әпкесі күтіп тұр екен. Құшақтасып мәре-сәре болды. Ерtesіне күн көтеріле маңдайшасына «Ақдала» деп жазылған ескілеу «ПАЗ» автобусына отырып, жолы қиыршыр шапғайдағы ауылға 7-8 сағат дегенде әзер жетті. Ауыл орталығына көшіп келіп, шаруашылықтың есебін салынып берілген үйге кіргеніне бір айдай уақыт болған әке-шешесі Назеркесімен қуана қауышты.

«Арай» кеңшарының жас директоры Қасымхан Қаратаев биыл көктемде аймаққа әлі белгісіздеу майлы дақыл – мақсары ектізген. Бірсыпыра жұрт бұл дақылдың келешегі қалай болар екен деп аландыды. 30 гектар жерге себілген дақыл көз тартатындай тығыз әрі қаулап өсе бастады. Ауданның өзге шаруашылықтарының агрономдары келіп, егілген мақсарының шығымдылығын көрген. Қызығушылар да, күдіктене қараушылар да болды. Алайда Қасымханның сенімі мол еді. Жерге дән сеппес бұрын, тегістелген атыздарды ерте көктемде көлкітіп суарып алған. Суы тартылып, кебе бастаған кезде соқа салып, одан ілшала бір тырмалап, тегістеп өткісен дән сепкішпен тұқым сіңірген де, ауыр катокпен басып тастаған. Осыны күткендей сәурдің соңғы күндері ақ жаңбыр нөсерлетіп құя салды. Қасымханға кереметі де осы еді. Енді бұл дақыл тез көктеп, атыз беттерін теп-тегіс алып кетті. Жайқалып өсіп келе жатқанда, аупарткомның бірінші хатшысы Амандық Байдулысенов келді. Мұндай тың бастама, жақсы hareket обком хатшысы Еркінбековтің де құлағына тиіп, «Арайда» облыстық семинар-кеңес өткізуге пәрмен берген. Қазір соған қызу дайындық жүріп жатыр. Қасымхан ауыл ақсақалдары мен қоғамдық ұйымдардың жетекшілерін, мамандар мен бригадирлерді жиып жиналды өткізді. Келелі кеңесте тиісті адамдарға нақты тапсырмалар берілді. Осындай күндердің бірінде өзі тәжірибеден өткен таныс шаруашылыққа Назерке жетті. Көз көргендердің бәрі қуанып жатыр. Сол күні Назерке Дулатқызы аға агроном болып тағайындалып, кеңшарда есепші болып қызмет атқаратын Құлзинаның үйіне орналастырылды. Жасы қырыққа толар-толмаста, күйеуінен бір ұл, бір қызбен ерте қалған Құлзина сабырлы, мінезі жұмсақ әйел еді. Баласы Нұрқасым облыс орталығындағы жоғары оқу орнында, қызы Айғаным ауылдағы орта мектептің онының сыныбында оқиды екен. Бір аптадан соң, күршінің шығымдылығын анықтайтын комиссия құрамында агроном кезі екі күн бойы барлық бригадалардың егін алқабын аралап көрді. Қорытындысында егілген 1700 гектар күршінің 900 гектарға жуығы жақсы, 400 гектары ортадан жоғары, 350 гектары орта, 50 гектары ортадан төмен деп жобаланды. Комиссия күршінің түптелу кезеңінің алда екенін ескеріп, тиісті агротехникалық шаралар өз дәрежесінде жүргізілсе бәрі ретке келеді деп шешті. Бір жасасы күрші таза, күрмексіз өсіп келеді екен. Тамыз айының басында Назерке егісті асықпай аралады. Сағағынан иілген алтын дөңдер көңілді көңілді. Дақыл түптелгенін тығызданған. Орта жерлер жақсыға қосылған, ортадан төмен атыздар жоқ есебі деп қуанды.

Облыстық семинар-кеңес өтетін бригаданың «Томарбөтет» учаскесіндегі дала қосын дайындау жұмысына келе кірісіп кеткен агроном қыздың қарамағына «коммуналық-тұрғын үй бөлімінің» 10 жұмысшысы, клуб менгерушісі, кітапханашы, автолавка және суретші-безендіруші бекітіліп берілді. Кеңшар директоры Қасымхан, партком хатшысы Ғалымбек және ауылдық кеңестің төрағасы мен кәсіподақ басшысы кезектесіп келіп, ретке келіп жатқан жұмыстың басы-қасында болды. Екі аптаның ішінде «Егіншінің екінші үйі» саналатын дала қосы адам танымастай өзгеріп шыға келді.

Күршіші-механизаторлардың жатын бөлмелері толықтай жөнделіп, төсек-орындары жанартылды. Шағын спорт алаңқайында волейбол, баскетбол ойнауға мүмкіншілік жасалынды. Төңірек түгел тазартылды. Аудандық партия комитетінен бөлінген өкіл Алдан Тойшыбаев және тұқым инспекциясының бастығы Ажар тәтесі облыстық-семинар кеңес өтетін орының тез дайын болғанына разы болып:

– Қадамның құтты болар, облыстың бірінші басшысынан бастап, барлық аудандардың бірінші хатшылары қатысатын семинар-кеңес, бұрын-соңды бізде болған емес. Сәтінмен өткізіп жіберсек, абырой деген сөз болар, – дейді екеміз.

Айтулы күн жетіп, «Арай» кеңшарына жан-жақтан қонақтар ағылып келе бастады. Ауылдың қонақүйіне алыс аудандардан бір күн бұрын кештігіп жеткендер орналастырылды. Асхана толық іске қосылды. Ерtesіне дала қосында семинар-кеңестің теориялық бөлімі басталды. «Мақсары дақылдың ерек-



Сурет ашық дереккөзден

Қызылқұмның Қызы

Хикаят

шеліктері мен одан алынатын өнімнің тұрмысқа пайдаланылуы» жайлы негізгі баяндаманы кеңшар директоры Қасымхан Қаратаев, «Мақсары дақылдың агротехникасы» тақырыбында қосымша баяндаманы Назерке Дулатқызы жасаған. Семинар-кеңестің практикалық екінші бөлімі егінжайда өтті. Келгендер атыздарда көздің жауын алардай болып, тып-тығыз, жайқалып өсіп келе жатқан мақсарыны көріп, өзара пікір алысты. Қорытынды сөзінде обкомның бірінші хатшысы Нариман Еркінбеков келер жылдан бастап, барлық кеңшарлар мен ұжымшарларға мақсары егуді тапсырды.

Аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі телефон шақырып, «Арай» парткомның хатшысы Ғалымбек Басбаевқа аға агроном Назерке Дулатқызын коммунистік партия мүшелігінің кандидатына қабылдау үшін бастауыш партия ұйымында тездетіп мәселе қарау керектігін хабарлаған. Партком хатшысы мұны директорға айтқан.

– Егер аудандық партия комитеті ұйғарса, оған қарсы не дейміз, кешке кеңейтілген мәжіліс шақырыңыз, – деді Қасымхан. Кеңшардың партком мүшелерімен қоса барлық бас мамандар, қоғамдық ұйым жетекшілері, ардагерлер кеңесінің төрағасы жиналған. Мәжілістің күн тәртібіне бір ғана мәселе ұсынылды: Аға агроном Назерке Дулатқызын Кеңес Одағы Коммунистік Партиясының мүшелігіне кандидат етіп ұсыну туралы.

Пікірлер екіге жарылды. Партком мүшелерінің екеуі және ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Енді ғана еңбек жолын бастаған қызды партия мүшелігіне кандидат етіп қалай ұсынамыз десе, екінші пікір бұл қалдың институттан арнайы келіп, мемлекеттік тәжірибеден өсе жерде өткенін, онда тек жақсы жағымен көрінгендігін, жақсында өткен облыстық семинар-кеңеске дайындық кезінде де, оны өткізу барысында да ерекше көзге түскенін, келешегінен үміт күтетін маман екендігін тілге тиек еткен. Оның үстіне ұсыныс аудандық партия комитетінен келіп отырғанын алға тартты. Осыдан соң, өзара келісімге келген мәжілісегілер бірауыздан қолдап, хаттама толтырған.

Қоңыр күз келіп, күрші орағы басталған. Биыл алғашқы орақ кеңшардың №3 бригадасынан түсті. Ауыл үшін бұл күн үлкен мереке. Алғашқы орақты бастайтын атызға келген жатқаның алдынан қызыл лента байланып, оны кию құрметі аудандық партия комитетінің өкілі Алдан Тойшыбаев пен ауылдың ақсақалы Базарбай ақсақалға тиді.

Кеңшар директоры Қасымхан Қаратаев құттықтау сөз сөйлеп, салтанатты шараны ашты. Мектептен келген бір топ оқушылар егінші қауымға арнап, құттықтау сөздерін айтты. Лента қылғанын күтіп тұрған жатқа жылжып келіп, күршіке түсті де, қалбағайы айналып кете барды. Бітім өскен күршінің қалың дестесі, дала кемесінің соңынан түп-түзу тартылып бара жатты. Дүйім жұрт соңынан ерді. Орылған күршіті талдап ұстап, сабағында қанша дән бар екенін санап жүргендер де дән. Егістіктегі салтанатты шара дала қосында жалғасып, асханасынан табақ-табақ ет тартылып, соңынан үлкендер батасын беріп, жиналғандар тілек тілеп тартасқан...

Егін орағының орта тұсында Назеркенің әке-шешесі келді. Қырық жыл шопан таяғын ұстап, қой баққан әкесі Дулаттың ел-халыққа да, ауыл мен

Кенет біреуінің атыз ортасына тоқтап, комбайнердің бункерге қарай көтеріле бергенін көзі шалған. Бункердегі астықты қолындағы затпен шұқпалай бергені сол еді, бір қырындап құлап, қолын сермелей бастады. Жетіп тоқтағанда, комбайнердің сырт киімінің бір жеңі бункер шнегіне шайналып жатқанын көрді. Техника қауіпсіздігін білетін Назерке дереу двигателді өшірді. Жоғары көтеріліп оң қолын тартқылап ала алмай жатқан комбайнерге көмектеспекші болды. Бірақ, не тартып ала алмады, не киімін ағытып жібер алмады. Орамалын бұлғап, келесі атызда жүрген комбайнерді шақырды. Екеулеп жүріп сырт киімінің жеңін тіліп, әзер босатты. Абырой болғанда қолы шайналмаған, бірақ жеңіл жарақаты бар екен. Иығын ауырсына бергенін байқап, «ештенетеіңіз» дегеніне қарамастан, комбайнерді орталықтағы емханаға алып келген... Екі-үш күн амбулаториялық ем алып, комбайнер жігіт жұмысына қайта қосылып кетті. Осы жылғы күз берекелі болған. Кеңшар 1700 гектар күршінің әрбір гектарынан міндеттемеге сай 50 центнердің үстінде өнім жинап, бұрын-соңды болмаған көрсеткішке қол жеткізді. Ауылдастары жас директордың жолы болды деп қуанса, бұл табыста Назеркенің де үлесі бар болатын.

Кеңшардың кеңейтілген ашық партия жиналысында сөз алған аға агроном Назерке Дулатқызы егінді әртарапандыру жайлы ұсыныс жасаған. Бұған дейін бұл тың мәселе еді.

«Әртарапандыру – шаруашылыққа да, ауыл халқына да пайдалы болар еді. Сондықтан, мақсары көлемін арттыру, жүгері дақылды аса мән беру, көкөніс-бақша егуге жарамды жер бөліп, жана бригада жасақтау қажет. Мұны кешіктірмей, бригада құрамын ақылдасып, тәжірибесі бар азаматтың бірін бригадир

етіп тағайындау қажет» деген. Жиналысқа қатысқандар бұл ұсынысты қолдады. Ерtesіне-ақ, Қасымханның орнына бас агроном болған Мәжит ағасы екеуі іске қырысты. Жаңа бригадаға дербес техника, жұмыс күші беріліп, жарамды жерлер бөлінді.

Үлкен бір тарихи датаға байланысты аудан орталығында көркемөнерпаздардың байқауы өтетін болып, осы шараға дайындық басталды. Мектептің музыка пәнінің мұғалімі Мұратбек екеуі ауылдағы өнерлі жастардың басын қосып, кешкілік жұмыстан соң, концерттік бағдарлама даярлады. Назерке мектепте оқып жүрген кезінен-ақ ән-жырға әуес еді. Сыр сүлейлері ғұмыр кешкен жыр-раулық өңірде өскендіктен болар, домбыраға қосылып термелер айтатын. Тұрмағанбеттің, Шораяқтың Омарының, Жіенбай жырлаудың, кете Жүсіптің бірнеше жыр-термелерін жатқа білетін. Міне, енді сол кедеге асты. Концерттік бағдарламаға өнердің барлық жанрларын қамтулы мақсат тұтқан «Арайлықтар» екі апта үзіліссіз дайындық жасады. Ән мен жыр, би мен үйі, көркемөнер, шағын сөздер қосылды. Кеңшар әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті ұлттық киімдер тіккіртіп берді. Дайындалған концерттерін әуелі ауыл тұрғындарына, сонан соң қорық ауылға апарып көрсетті. Бұл өнерпаз жастарды көп алдына шығарып, жаттықтырып алу еді. Қараша айының алғашқы күндерінің бірінде аудандық байқау басталған. Екі күнге созылған байқауға онбір елді мекеннен келген ауыл өнерпаздары кезек-кезек өнерлерін көрсетті. Қорытындысында қазылар алқасы Назерке бастаған «Арай» кеңшарының көркемөнерпаздарына бірінші орынды берді. Бұл үлкен жетістік болатын. Осыдан соң ауылда мәдени іс-шаралар жиі өте бастады. Жаңа музыкалық аспаптар сатып алынды. Тек өнер ғана емес, ауыл спортына да қолдау көрсетілді. Клуб алдындағы бос алаңқайдан спорт алаңы ашылды. Бұл үшін кеңшар директоры Қасымхан қаражат бөлді. Агроном Назерке Дулатқызы көп ұзамай қоғамдық негізде қолдау қосомол ұйымының жетекшілігіне сайланған... Тәжірибелі мәні бар мәдени-көпшілік жұмыстарға ден қойылып, ауыл жастарының бос уақыттары өнерге, спортқа қарай ауыды.

Сол күндердің бірінде Қасымхан Назеркеге «маған өмірлік жар боласың ба?» деген...

Ауданда өткен өнер сайысынан кейін көп ұзамай аупартком талантты қызды аудандық комсомол комитетінің хатшылығы қызметіне алуды ұйғарды... Кеңшар парткомының хатшысы Ғалымбек Басбаев кабинетінде Назеркемен сөйлесіп отыр. Өңгіме барысы ұсынылып отырған жана қызмет туралы болатын. – Келешегіңді ойласан, барғаның жөн. Мұндай мүмкіншілік бола бермейді. Бұл дегеніңіз – қызметтік баспадақ, – деді партком хатшысы. Осы мезетте үстеріне Қасымхан кірді. – Жақсы келдіңіз, біз аудандық партия комитетінің ұсынысы бойынша сөйлесіп отыр едік. Партком хатшысының сөзі Қасымханға қиындау тиді. «Өмірлік жар боласың ба?» деген сұрауына: – Уақыт бер, ойланайын, – деп еді, енді мына ұсыныс... Аудан орталығына қызмет ауыстырса, қалай болады? Маңдайынан мұздай тер бұрқ етті. Десе де, өзін-өзі қолға алып: – Назерке бұған қалай қарайды екен? – деді. Қыз үндей қоймағасын, партком хатшысы: – Жолдас директор, кадр сіздікі ғой,

ертеңге дейін ақылдасып, бір жауабын берерсіздер, – деп орнынан көтеріле берді.

Екеуі қарама-қарсы болмеге өтіп, директор кабинетіне келді:

– Қолыма қонағалы тұрған құс басқа жаққа ұшып кетсе, менің өмірімде не мән қалады?

– Мен сенің әлі қолыңа қона қойған жоқпын ғой.

– Бақытымның жолында неден болса да тартынбаймын, аяғына дейін күресемін. Бастық бұл сөзін нық айтты.

– Қазактың: «Сен аржақта қалқатай, мен бержақта» деген өлеңі бар еді, – деп күлді қыз.

– Мен сені жібермеймін, кеңшарға да білікті маман керек.

– Маман керек пе, жар керек пе?

– Екеуі де...

Қыз бен жігіттің аңгімесі осымен бітіп, екеуі де жұмыстарына кеткен.

Кешке үйіне келгенін, Қасымхан анасына бар сырын ашты. Анасы батыл шешімге келді:

– Онда күні ертең ата-анасының алдынан өтуіміз керек.

Дулат ақсақал бүгін күндегіден де ерте тұрып, қорадағы малдарын өріске шығарған. Төрт түлгі өздеріне жетерлік еді. Мал асырау оңай шаруа емес. Жеке қожалығын шақтағысы келген болар, оншақты күн бұрын 3 бас ірі қарасы мен екі құлынды биесін, 10-15 қой-ешкісін сатып жіберген. Бес жылқысын немере інісінің үйіріне қосқан. Қорада әлі екі жылқы, екі бұзаулы сиыр, 10 бас қой тұр. Екі інгені өрісте, түіе жарықтық қора керек етпейді ғой... Малын жайлап, ірі қарасы мен қойларын ауылдың жеке малын бағатын малшылардың алдына салып беріп қайтқанда, Айнағұл сексеуіл шоғымен қайнап, бұрқылдап тұрған самаурынды үйге кіргізіп, таңғы дастарқанды жасап қойған екен. Шәй ішіп отырып, оны-мұны айтты да сөз бағытын Назеркеге бұрды.

– Қыз бала жатқұрттық, теңін тауып бізді бір қуантса ғой, – деп кемпірі болашақтың ұштығын шығарған.

– Қызымның ақылы бар, бәрі болады бәйбіше, – деді отағасының сенімді әуелі Айнағұлдың көңілін орнықтырды...

Сәскелікте есік алдына қолып келіп тоқтағандай болған. «Қызымыз кеп қалды ма» деп қосарласа, далаға жүгіре шыққанда, жеңіл мәшinedен ер кісі мен әйел түсіп жатты. Бұлар куда түсетуе келген Әсіма мен қайыңсы Ілесхан еді. Дулат пен Айнағұл қонақтарды жылы шыраймен қарсы алды. Ата салтының із-жолымен келгендер шәй үстінде бүгіп-жармай, бұйымтайларын айтты. Ауыл ішіндегі ағайын-туыс тез жиналды. Кең дастарқан басында әуелі екі ауылдың аман-түгелі, елдің тіршілігі сөз болып, сөз төркіні екі жасқа қарай ауған.

– Балалар оқыған, екеуі де жоғары білімді. Аллаға шүкір, ақыл тоқтатқан, оның үстіне лауазымды қызметтері бар, – деп бастады сөзін Әсіма ана...

– Өздері солай шешсе кім қарсы, оң болсын, – десті көпшілік. Торде отырған қария: «Жол мұраты жету, қыз мұраты кету», – деп бастап, ағын ақбағаға жалғастырды. Осыдан соң Әсіма әкелген киттері мен орамал шаршысын көрсетіп, үй иесіне толық конверт ұсынды. Ауыл айбатына деп төрт «қоқ қағаз» тастаған. Тура бір айдан соң келіп, Назеркені қолдан алатыны келісілді. Тіесілі сыйбасын жең болып, көңілдерін бірлесіп, қонақтар қайтуға оқталған. Болашақ құла-құлғанын шығарып салып тұрып, Дулат пен Айнағұл көдімгідей толықды. Айнағұл ана кәзіне жас алған, бұл қуаныштың жасы еді...

Аудандық партия комитетінің шақыртуымен келген Назерке ұйымдастыру бөлімі менгерушісіне кірген. Сылтауы тыңдалмайтын білгенін, идеология жөніндегі хатшы Нәзікеннің қабылдауына барды. Оған тауы күндерде тұрмысқа шығатынын айтқан.

– Қызметке оның не кедергісі бар, – деген хатшыға:

– Ол кеңшардың директоры, жұмысын тастап мен үйім аудан орталығына келе алайды ғой, – деген. Көпті көрген, парасатты хатшы сөз ойлап отырды да:

– Олай болса бақытты болындар, ауылына қайта бер, мен біріншіге өзім түсіндіремін, – деді.

Келісілген мерзімде Дулат пен Айнағұл үлкен той жасап, Назеркені ырап-жырғап ұзатты...

...Арада үш жылға таяу уақыт өткен. Кезекті еңбек демалыстарын алып, екі жастағы Бексұлтанды әжесіне қалдырған Қасымхан мен Назерке Алматы маңындағы бір шипажайға келген. Табиғаттың бір тамаша жерінде орналасқан бұл сауықтыру орнына келушілер аз емес екен. Жайлы орынға жайғасты. Бұрын «курорт» дегенді көрмеген Назеркеге бастапқыда бәрі таңсық еді. Жақсы тынығып, шаршағандарын басты. Ем-домы, ас-усуы да ойдағыдай болып шыққан. Мұнда мәдени-көпшілік шаралар бір толастамайды, әсіресе кеш түсе қызады. Үлкен қалаға тиіп тұрғасын ба концерт, кино дегендерін күн құрғатпайды. Бір күні «Русалка» деген өнер ұжымының келетіні белгілі болған. Атағы одақ көлеміне белгілі, Саратов қаласынан Қазақстанда гастрольдік сапармен жүрген бұл ансамбльдің осында ат басын бұруы курорт әкімшілігінің сұранымы екен. Кешкілік шипажайдың шағын клубына жұрт сыймай кетті. Орыс халқының ән-бин эстрадалық құрылымға лайықтап, думандата өнерлерін паш еткен «Русалка» тобына көрермендер ризашылықпен қол соқты. Концерт соңында жүргізуші: «Ансамбльдің көркемдік жетекшісі – Ольга Иванова, директоры Дәур Жантасов» деп хабарлаған. Сахнаға шығып, халыққа қарап бас иген екеудің ер аламы Назеркенің көзіне оттай басылды. Бұл шынымен Дәур ме? Өз көзіне өзі сенбей қайта қарады да, аңтарылып қалды. Ия, бұл Дәур болатын, «Дәурі тірі екен ғой» деп күбір етті Назерке. Қасымхан жалт қарады. Осы сәтте аяғын сылттып басқан Дәур әйелімен қолтықтасып сахнадан шығып бара жатты...

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Темірбек ЕСЖАНОВ

ЭРИПТЕС ӘЛЕМИ

ЖУРНАЛИСТІҢ ХОББИ

Төл мереке қарсаңында әріптесіміз, екі тілде бірдей жазатын «Кызылординские вести» газетінің аудандағы тілшісі Мақсұт Ибрашев редакцияға келді. Жас күннен бергі қызығушылығы туралы сұрамын деп көптен ойлап жүргенмін, «Іздегенге сұраған» деген, сәті түсе қалды.

Бала Мақсұттың әртүрлі тілде шығатын газет-журналдарды жаздырып оқуға деген құмарлығы 12 жасында басталған екен. Ол кешегі кеңестік дәуірде 15 одақтас республикадан жарық көретін басылымдарды жаздырып оқыпты. Тәуелсіздік алғаннан кейін шетелдерге шыққан таныстары мен достарына бағалы сыйлық емес, газет-журнал әкеліп беруді өтінеді екен.

– Мені журналистикаға алып келген – спорт. Футбол ойнауға бала күннен құмарттым. 7-класта «Спорт» газетінде «Шабуылшылар шебер ойнаса екен» атты мақалам жарық көрді. Журналистикаға жасаған алғашқы қадамым осыдан басталды. Қаламақы түсіп, оны анам Гүлнар Жағыппарова पोштаға барып алды. Бақандай 4 сом түсіпті. Анам «құлымның алғашқы еңбекакысы» деп балаша қуанып, құбырларын шақырып шай бергені есімде, – дейді кейіпкерім.

Мақсұт аға мектеп бітіргеннен кейін де

баспасөзбен байланысын үзбепті. 1977 жылы әкесі Кеңес Ибрашев дүниеден озып, анасы екі баланы өзі жеткізеді. «Нағашым Мұзаппар Жағыппаров «Казсельхозтехника» мекемесінің басшысы еді. Бізге бағыт-бағдар беріп, көп көмектесті. «Доп қуғаннан пайда жоқ, Оралдағы ауыл шаруашылығы институтына бар» деп, жолдама алып берді. Сөйтіп мен Оралдағы институтқа түсіп, ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетінде оқыдым» дейді.

Аталған оқу орнының «Студент» газетінің редакторы қызметін атқарған бозбала әскерде жүргенінде де «Боевое знамя» газетінің тілшісі болған. «Екінші курстан соң 1984 жылы әскерге алындым. Эстонияның Хаапсалу қаласында борышымды өтедім. Сонда жүріп те жазудан көп үзбедім. Әскери округтің «Боевое знамя» газетінің тілшісі болдым. Ал оқу бітірген соң «Казсельхозтехника» мекемесінде мотор жөндеуші, цех



шебері, инженер-бақылаушы болып жұмыс істедім. Бірақ газет-журнал оқуды тоқтатпадым. 1999 жыл еді. «Кызылординские вести» газетін шолып отырсам «меншікті тілші керек» деген хабарландыруға көзім түсті. Басылымның Арал,

Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі Омар Әбдуалиевтің мақалаларын сүйсініп оқитын едім. Хабарласып, сол кісімен сөйлестім. Біздің ауданның меншікті тілшісі қызметін атқарған Юрий Соломатин зейнетке шығыпты, соның орнына тілші іздеп жатыр екен. О.Әбдуалиевті өзімнің ұстазым санаймын. Сол кісінің кеңесімен газетке материал жазу бастадым. Бас редактор Владимир Ли сынақ мерзімімен жұмысқа алды. Осылайша, «Спорт» газетінен басталған жол, міне, 27 жыл болды, жалғасып келеді» дейді Мақсұт Кеңесұлы.

Енді журналистің қызығушылығына қайта оралайық. Нақты кезеңде тілшінің коллекциясында 2400-ден астам газет-журнал бар. Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан, Ресей, Моңғолия мемлекеттерінен шыққан басылымдар бір бөлмені қабырғасын түгел алып тұр. 2013 жылы бір топ журналист Әзербайжанға сапарладық. Сол сапардан Мақсұт ағама «Баку» атты орыс тілінде шығатын журнал бердім. Коллекция қатарында сол журнал да тұр екен.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
«Сыр бойы»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Туран-Барлау» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 05.08.2026 ж. 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терөзек кенті, Қонаев к-сі, 8-ғимаратында «Майкыз» кен орнына арналған 2026 жылғы 01.06–31.12 кезеңіне атмосфералық ауаға ластанушы заттардың шекті рұқсат етілген шығарындылары жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Zoom конференциясы:
Сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/78886792643>
Идентификатор: 788 8679 2643
Кіру коды: 55АВМ4

Ұсыныстар мен ескертулерді Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (prd@korda.gov.kz, тел: 8-7242-60-53-62) немесе <https://ndbecology.gov.kz/> жүйесі арқылы жолдауға болады.

Тапсырыс беруші: «Туран-Барлау» ЖШС, ЖСН 010540001631, тел: +77018048885.

Жобалаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК, БСН 820105301634, тел: +7777851346.

Координаттар: 46°10'04»/66°08'00»;; 45°10'57»/66°10'42»;; 46°09'00»/66°12'03»;; 46°08'22»/66°10'23»

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Туран-Барлау» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 05.08.2026 года в 10:00 ч. по адресу Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос.Терөзек, ул. Кунаева 8, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания «По проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для месторождений «Майкыз», ПЭК, ПУО, ППМ на период 01.06-31.12.2026 год».

Zoom конференция:
Ссылка: <https://us04web.zoom.us/j/78886792643>
Идентификатор: 788 8679 2643
Код доступа: 55АВМ4

Замечания и предложения принимаются Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области (prd@korda.gov.kz, тел: 8-7242-60-53-62) и через систему <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор: ТОО «Туран-Барлау», БИН 010540001631, тел: +77018048885.

Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА», БИН 820105301634, тел: +7777851346.

Координаты: 46°10'04»/66°08'00»;; 45°10'57»/66°10'42»;; 46°09'00»/66°12'03»;; 46°08'22»/66°10'23».

ХАБАРЛАНДЫРУ

07.08.2026 сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылында, Т. Рыскулов көшесі, 6-үй мекенжайындағы әкімдік ғимаратында (L-42-123-(106-5b-18) (ішінара), L-42-123-(106-5b-23) (ішінара), L-42-123-(106-5b-24) (ішінара), L-42-123-(10d-5a-3)» әсеріне экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобаның тапсырыс берушісі «КАПЛАСТ» ЖШС, БСН 170840008215. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабы (сол жағалау), Ғабиден Мұстафин көшесі, 46-үй, №303 кенсе.

Жобаны әзірлеушісі – «Noosphere ecology system» ЖШС, БСН 230940027185, тел: +7-777-241-16-40.

Әсер ету аумағы – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы. Жер қойнауы учаскесінің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары:

Бұрыштық нүктелер №	Бұрыштық нүктелердің координаттары	
	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	44° 32' 00"	67° 12' 00"
2	44° 32' 00"	67° 13' 00"
3	44° 31' 00"	67° 13' 00"
4	44° 31' 00"	67° 14' 00"
5	44° 30' 00"	67° 14' 00"
6	44° 30' 00"	67° 13' 00"
7	44° 29' 00"	67° 13' 00"
8	44° 29' 00"	67° 12' 00"

Әсер ету аумағы пайдалы қазбаларды барлау үшін белгіленген аумақпен шектеледі (әсер ету аумағының координаттары лицензияланған аумақтың координаттарымен сәйкес келеді).

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады (<https://ndbecology.gov.kz/>) және «Кызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Қосымша апаратын мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Ж. Омаров к-сі 10, 1 кенсе, e-mail: lpnes23@gmail.com, +7-705-403-9328.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық мекенжай бойынша қабылданады - a.koszhanova@vmail.kz.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Интернеттегі байланыс сілтемесі:
<https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVuWVyKhetg255bVmpiwX17N1>
Конференция идентификаторы: 683 466 6500
Кіру коды: 61PK3E

ОБЪЯВЛЕНИЕ

07.08.2026 в 15:00 в селе Шиелі Чилийский район Кызылординский области по адресу: ул. Т.Рыскулов 6, здание акимата, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану разведки твердых полезных ископаемых на площади: 4 (четыре) блока – L-42-123-(106-5b-18) (частично), L-42-123-(106-5b-23) (частично), L-42-123-(106-5b-24) (частично), L-42-123 (10d-5a-3)».

Заказчик проекта – ТОО «КАПЛАСТ», БИН 170840008215. Адрес: РК, г.Астана, район Алматы, жилой массив юго-восток (левая сторона), ул. Ғабиден Мұстафина, д. 46, офис№303

Разработчик проекта – ТОО «Noosphere ecologysystem», БИН 230940027185, тел. +7-777-241-16-40.

Территория воздействия – Шиелинский район Кызылординская области.

Географические координаты угловых точек участка недр:

№№ угловых точек	Координаты	
	северная широта	восточная долгота
1	44° 32' 00"	67° 12' 00"
2	44° 32' 00"	67° 13' 00"
3	44° 31' 00"	67° 13' 00"
4	44° 31' 00"	67° 14' 00"
5	44° 30' 00"	67° 14' 00"
6	44° 30' 00"	67° 13' 00"
7	44° 29' 00"	67° 13' 00"
8	44° 29' 00"	67° 12' 00"

Территория воздействия ограничена территорией, определенной под разведку полезных ископаемых (координаты территории воздействия совпадают с координатами лицензионной территории).

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz/>) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» в разделе «Общественные слушания» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat>).

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, ул. Ж. Омарова 10, офис 1, e-mail: lpnes23@gmail.com, +7-705-403-9338.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - a.koszhanova@vmail.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подписание:
<https://us06web.zoom.us/j/6834666500?pwd=akMhlyOVuWVyKhetg255bVmpiwX17N1>
Идентификатор конференции: 683 466 6500
Код доступа: 61PK3E

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кирпичный завод Дос» ЖК ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2027-2036 жылдарға арналған «Қызылорда-Жезказған» тас жолының 17-шақырымында орналасқан «Кирпичный завод Дос» ЖК шығарынды көздері үшін атмосфераға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындыларының нормативтері жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы, Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Уақыты: 04.08.2026 ж., сағат 10:00.

Өтетін орны: Қызылорда обл., Қызылорда қ., Қосшыңырау а.о., Абай а., Бейбітшілік көш., 79-ғимарат.

Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/78236940269> (Ид: 782 3694 0269, Код: 9uCiFG).

Орналасқан жері: «Қызылорда-Жезказған» тас жолы, 17-шақырым. Координаттары: 44.888289, 65.635128.

Ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz; тел: 8-7242-60-53-62) немесе <https://ndbecology.gov.kz/> апаратын жүйесі арқылы.

Жоба инициаторы: «Кирпичный завод Дос» ЖК (БСН 071 240 002 008, тел.: 830 930 300 366, e-mail: Arai87_87@list.ru). Жобалаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК (тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Кирпичный завод Дос» в соответствии со ст. 96 Экологического кодекса РК уведомляет о проведении общественных слушаний (в форме открытого собрания) по проекту: «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу от источников выбросов ИП «Кирпичный завод Дос», расположенной на 17 км автодороги «Кызылорда-Жезказған», ПУО, ПЭК, ППМ на 2027-2036 годы».

Дата и время: 04.08.2026 г., в 10:00.

Место проведения: Кызылординская обл., г. Кызылорда, Косшыңырауский с.о., с. Абай, ул. Бейбитшилик, зл. 79.

Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/78236940269> (Ид: 782 3694 0269, Код: 9uCiFG).

Локация объекта: 17 км автодороги «Кызылорда-Жезказған» (Координаты: 44.888289, 65.635128).

Замечания и предложения принимаются Управлением природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@vmail.kz, a.koszhanova@vmail.kz, prd@korda.gov.kz; тел.: 8-(7242)-60-53-62 или через портал: <https://ndbecology.gov.kz/>

Инициатор: ИП «Кирпичный завод Дос» (БИН 071 240 002 008, тел.: 830 930 300 366, e-mail: Arai87_87@list.ru). Разработчик: ИП «ЭКО-ОРДА» (тел.: +7 777 785 13 46, e-mail: ecoorda@bk.ru).

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына бақылау кенесінің мүшесі лауазымдық қызметіне Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы конкурсе жариялайды.

Конкурс өткізілетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жарияланған бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізілетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №212 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: 120008, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №72, байланыс телефоны: 8 (7242) 23-51-50, e-mail: oblmc@mail.ru Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді облыстық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Негізгі қызметі: Қызылорда облысы халқына мамандандырылған стационарлық көмек көрсету.

Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: жоғары білімінің болуы, сондай-ақ төмендегі мынадай талаптардың бірінің:

- 1) Денсаулық сақтау салаларындағы кемінде он жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) Денсаулық сақтау салаларындағы басшылық қызметте (заңды тұлға басшысы немесе оның орынбасарлары) кемінде бес жыл тәжірибесінің;
- 3) Денсаулық сақтау салаларындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуына қамтылуы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурсе өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі;
- 6) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының нотариалды расталған көшірмесіне соңғы жұмыс орнына қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Үміткер конкурстық өтінімін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты, жөні, тегі және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс. Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурсе на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 212.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Многопрофильная областная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120008, Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Н.Назарбаева 72, контактный телефон: 8(7242) 23-51-50, e-mail: oblmc@mail.ru.

Основная деятельность: оказание специализированной медицинской помощи, именно стационарной помощи населению Кызылординской области.

Требования к лицам, избираемым в наблюдательный совет, включает наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- 1) Наличие опыта работы не менее десяти лет в сфере здравоохранения;
- 2) Опыт руководящей работы (руководитель юридического лица или его заместитель) не менее пяти лет в сфере здравоохранения;
- 3) Являющегося членом общественного объединения в сфере здравоохранения. Лицо, изъявившее желание принять участие в конкурсе представляет комиссий следующее документы:

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

- 1) Заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) Резюме на государственном и русском языках;
- 3) Автобиография (в произвольной форме);
- 4) Нотариально заверенная копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) Нотариально заверенная копия документа о высшем образовании;
- 6) Нотариально заверенная копия трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы;
- 7) Документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. Кандидат запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его «Оригинал». На этом конверте должны быть указаны фамилия, имя, отчество и адрес кандидата. Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управлении здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3008), 23-53-41.

ӘЛЕМДІК МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ӘРІПТЕСТЕР

Бүгінде әлемнің әр қиырында еңбек етіп, халықаралық медиакеңістікте өз орнын қалыптастырған қазақ тілшілері аз емес. Шетелдік ақпарат құралдарында қызмет атқарып, түрлі елдердегі маңызды оқиғаларды жариялап қана қоймай, отандық журналистиканың беделін арттыруға үлес қосып жүрген сондай әріптестеріміздің қатарында сырбойлықтар да бар.



Рауан Мыңбаев – «Хабар» агенттігі АҚ «Хабар 24» телеарнасының Біріккен Араб Әмірліктеріндегі меншікті тілшісі. Рауан қиырдан ақпарат таратып жүргелі бес жылға жуықтады. Оның үш жылын Өзбекстанда өткізсе, бір жарым жылдан астам бөлігін БАӘ-де жалғастырып келеді. Кейіпкеріміз шет елде еңбек етудің ерекшелігін айтып берді.

– Барлық ақпаратты бірдей тарата алмайсың. Оның маңызы қандай, біздің елге қаншалықты керек, түгел сүзгіден өткізесің. Араб елінде журналистика саласы дамыған. Бірақ монархиялық мемлекет болғандықтан цензураға қатты мән береді. Мұнда тәуелсіз БАҚ некен-саяқ. Барлығы дерлік билікке тура бағынады. Қазақстанмен салыстыруға келмейді, біздің елде БАҚ-тың мәртебесі өте жоғары. Соған қарамастан бұл жақта журналистика контент, сапа жағынан ешбірнен кем түспейді. Техникалық мүмкіндігі әлемдік ақпарат құралдарының әлеуетімен тең деуге болады, – дейді ол.

Араб жерінде 2000-ге тарта ұлт өкілі еңбек етеді. «Әр елдің салты басқа» дегендей, әріптесіміз тұрғылықты халықтың жұмыс істеу

тәртібіне үйрену бастапқыда қиын болғанын жасырмады.

– Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ақпарат таратамыз. Араб тіліне жетік емесің. Өзім тұрақтаған шығанақ бөлігінде араб тілінің қолданысы жоғары деңгейде емес. Жергілікті тұрғындар бір-бірімен ағылшын тілінде сөйлеседі. Ал Сауд Арабиясында араб тілінде сөйлейтін тұрғындардың үлесі көп. Сол жақта ғана аздап қиындыққа кезігеміз. Ақпаратқа қол жеткізу оңай шаруа емес. Дегенмен, елдің заңы қатал болғанымен адамдары мейірімді, – дейді Рауан Мыңбаев.

Кейіпкеріміз Таяу Шығыстағы қақтығыс кезінде Иран Біріккен Араб Әмірліктеріне әуеден соққы жасағанда от пен оқтын ортасынан қазақстандық көрерменге уақытылы хабар таратып отырды.

– Соғыс кен ауқымды сипат алғанда екі есе қауырт жұмыс істедік. Дубайға соққы жасалған алғашқы сағаттарда көрермен ақпаратты алғаш болып бізден білді. Әдетте қақтығыстың ортасы ретінде Израиль, Газа аймағы еске түседі. Дубай, Абу-Даби қалалары қауіпсіздік тұрғысынан ең қолайлы мекен саналып келді. Сондықтан әуеден соққы жасалып жатқанына Дубай тұрғындары соңғы сағатқа дейін сенгісі келмеді. Төбеден дүркін-дүркін соққылар жасалып жатқанда кадрдан көріндім. Алғашқы тікелей эфир кезінде соққының дыбысы да кадрға ілініп қалған екен.

Тіпті ту сыртында жарылғыш заттар құлаған екен. Қорқыныш та болды. Тікелей эфирдің адrenalинмен ақпарат таратуды ғана ойлаптың. Екі-үш күннен кейін ғана қауіпті жағдайда жұмыс істегенімді сезіндім. 1,5-2 айға жалғасқан Иран соғысы кезінде 2,5-3 мыңға жуық зымыран атылып, ұшырылған екен. Соның барлығын әуе қорғаныс жүйесі жойды. Оның сынықтары қаланың әр бұрышына түсіп жатты. Туристер келуге қорықса, қыдырып келгендер қайда барарын білмей абырпап қалды, – дейді журналист. Қазақстандықтарды елге эвакуациялау сәтін сюжет әзірлеу кезінде Рауан мен телеоператорды Абу-Дабидің қауіпсіздік қызметі құдды қылмыскер сияқты ұстап, біраз әбігерге салған. «Бізді журналист екенімізді дәлелдейтін лицензия ғана құтқарып қалды» дейді ол.



Сырда туып, Сырда өскен **Әсия Нұрлыбаева** – «Хабар 24» телеарнасының Түркия Республикасындағы меншікті тілшісі. Бізбен әңгімесінде ол өзге елде еңбек ету кәсібі біліктіліктен бөлек, төзімділік пен бейімделуді талап ететінін атап өтті.

– Шет елде жұмыс істейтін адам дүниеге келген сәби секілді бәрін басынан бастап үйренеді. Сондықтан бұл қызмет сол елдің тарихын, мәдениетін, қоғамдық-саяси құрылымын терең түсінуден басталды. Дегенмен, Түркия біз үшін бөтен емес. Алғашқы күндерден-ақ бауырлас халықтың жылылығын сезіндік. Түркияда журналистика өте жақсы дамыған әрі кәсіби деңгейі жоғары. Әсіресе, телевизия саласында қызметкерлер белгілі бір бағытқа маманданған. Бұл олардың кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік арнадағы журналистерге жасалған жағдай да көңіл қуантады. Алайда жұмыс барысында белгілі бір бюрократиялық талаптар кездеседі. Мәселен, мемлекеттік мекеме өкілдерінен немесе лауазымды тұлғалардан сұхбат алу үшін кейде бірнеше апта бұрын ресми өтініш жолдап, келісім алу қажет. Қазақстанда ақпарат алу әлдеқайда жылдам дер едім, – дейді ол.

Кейіпкеріміз студенттік шағының біраз уақытын Түркияда өткізгендіктен жатсынбапты. Әйтсе де, отбасымен бірге қоныс аударғандықтан жаңа ортаға бейімделудің өзіндік қиындығы болған.

– Түріктердің ең ұнайтын қасиеті – ақкөңілдігі мен жанашырлығы. Жергілікті жүйе мен тұрмыс ерекшелігіне үйренісу кезінде қолдау білдірген азаматтар аз емес. Бүгінде сол жақсылықтың арқасында Түркия біз үшін қалыптасқан әрі үйреншікті ортаға айналды. Қызмет барысында Истанбул, Анкара, Ниңде, Анталья, Аляния секілді көптеген қалада болдық. Сонымен қатар өткен ғасырдың ортасында Түркияға қоныс аударған қандастарымыз тұратын Алтай ауылына барып, олардың тыныс-тіршілігі туралы материал әзірледік. Мұндай сапарлар тарихи байланысымызды тереңірек тануға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Әсия телеарнаың Анадолия еліндегі жалғыз ресми өкілі болғандықтан барлық бағытты қамтып жүр. Өзі қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерін жетік меңгерген.

– Есте қалған әсерлі сәттердің бірі – бүгінде Түркияда жоғары сұранысқа ие «Эшрефтің арманы» телехикаясының түсірілім алаңында болғанымыз. Қазақстандық көрерменге жақсы таныс Демет Өздемир мен Шағатай Ұлысой секілді танымал актерлердің жұмысын, түрік сериалының қалай түсірілетінін көрдік. Мұндай алаңдарға кірудің өзі оңай емес. Арнайы рұқсат алып, бірнеше сағаттың келісімінен өту қажет. Тіпті қыс мезгілінде түсірілім алаңының сыртында екі сағаттан астам күткен кезім бар. Бастапқыда сұхбат беруге келіскен актерлердің бірі соңғы сәтте бас тартып, жоспарымыз жүзеге аспай қалды. Соған қарамастан, түрік сериалының аптасына шығатын бір бөлімін небәрі төрт-бес күннің ішінде түсіріп үлгеретінін көріп, кәсіби шеберліктеріне тәнті болдық, – дейді әріптесіміз.

Рауан да, Әсия да – жергілікті Quzylorda телеарнасында шындалған мамандар. Ал бүгінде ел мен елді, мәдениет пен қоғамды жалғайтын маңызды ақпарат көпіріне айналды. Олар қай жерде қызмет атқарса да, туған елдің сенімін ақтап, қазақ журналистикасының қарым-қабілетін әлемге танытуға ұмтылады.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ХАТШЫ

Естеліктерімде жазып жүргенімдей, 2001 жылы аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне жұмысқа орналасып, іргелі шаңырақтағы үлкен шығармашылық ортаға түстім. Олай дейтінім, сол жылдары газетте Кенжеғара Сүлейменов ағамыз бас редактор болса, Мәлік Аяповтай азулы ақын, Тұрсынбай Тәшеновтей қарымды қаламгер (газеттің бұрынғы редакторы), Ахмет Тілеулиевтей терең білімді тарихшы, Ізбасар Мұстафаевтай тәжірибесі мол, Серік Бертаевтай қаламы жүйрік журналистер, фототілші Махамбет Ахметов қызмет атқаратын.



Ара-тұра редакцияға келіп хал-жағдай сұрасып, мақала беріп тұратын Мырзамұрат Лиясов (газеттің бұрынғы редакторы), жазушы Қалқаман Нұрғалиев ағаларымыз қандай мәдениетті, сырбаз кісілер еді?! Баспаханада ұзақ жыл қызмет етіп, қорғасыннан әріп құйып, мақала терген Қоғажай Ергалиева, Бақытқұл Ташкенобаева, газет бетін дайындайтын Рая Кенжебаева, Зоя Сейтенова, Тазағұл Ахметова сынды мамандардың еңбегі еш ұмытылмайды. Бүгінде редакция ардагерлерінің ортасында 80 жастан асқан салықалы, сабырлы Сайлауқұл Тәжікенова апамызды кеше мен бүгінгі арасын жалған алтын көпір десек болады.

Әлі есімде, 2001 жылдың сәуір айының алғашқы күні еді. Редактордың кең бөлмесіне кібірткітей кіргенімде, күлімсірей қарсы алған зор денелі, қарабуры толқынды шашын қайыра тараған келбетті кісі Кенжеғара ағай жұмысымының тәртібін салмақтап түсіндірді. Сөзінің арасында редакторға кіреберіс кабинетте отырған редакция хатшысы (секретарь-машинистка) Жанат Иманалиева есімді апайды шақырып, мені таныстырды да:

–Көп жұмысың осы апайыңмен байланысты болады. Мақалаларыңды машинкаға тереді, одан кейін редактор немесе орынбасары тексеріп береді. Қатесі түзетілгеннен кейін ғана баспаға жіберіледі. Басқа да шаруаларың болса, апайыңнан ақыл-кеңес алып тұрарсың, – деді.

Иә, мен сол күні редактордың кабинетінен жай тілші ғана емес, одан әлдеқайда биік жауапкершілікті арқалай шыққаным есімде.

Көп ұзамай Жанат апаймен жақынырақ танысып, апалы-сіңілідей араласып кеттік. Сол уақыттағы хатшы апайдың еңбегін айтсам, қазір ертегідей көрінетіні рас. Бірақ біз көзімізбен көрдік, редакциядағы ондаған журналистің жазған дүниесі осы кісінің қолынан өтетін. Сондай-ақ аудан орталығында, ауылдарда қаншама белсенді авторлар бар, олардың да жазбаларын жүйелеп, қағаз бетіне түсіретін. Өзім де жұмысқа келмей тұрғанда, құлаш-құлаш өлеңдерімді хат арқылы жолдайтын едім. Ол кезде өлең деуге келе ме, білмеймін, бірақ Мәлік ағамыздай айтулы ақынның сәл-нәл өңдеуінен өткен соң тым тәуір дүние боп шыға келетін. Ал одан кейінгі шаруаға Жанат апай жауапты. Өзінің айтуынша, кеңес өкіметінің кезінде партия хатшыларының он-жырма бет баяндама мәтіні дүркін-дүркін келеді екен. Соның бәрін машинкаға теріп, дайындап береді. Сондықтан болар, ол кісі әрбір жазылған дүниеге аса тиянақты қарайтын.

Ол кезде редакцияға адам көп келетін. Қалам ұстаған жандардың да қарасы қалың еді. Осы тұста есімдерін атап өткеніміз орынды болар, еліміздің әр өңірінде қызмет атқарып жүрген Ертай Айғалиұлы, Құлтас Достан, Бейбітбек Бүркітбайұлы, Еркін Әбіл, Миуа Байназар, Би-байша Алпысбаева, Елена Әбдіхалықова сынды белгілі қаламгерлер осы шаңырақта еңбек жолын бастаған.

Белсенді авторларға келсек, сонау Ақарық ауылынан Оразбек Қожамұратов есімді ағамыздың өскіден қалған есті сөздері, белгілі ақын, қаламгер Жаксыбай Сарбалаев, әр саланың

еңбек майталмандары Шыңғыс Айбосынов, Жаксылық Адамбаев, Раушанбек Смағұлов, Рысбай Кәрімов сынды ағаларымыздың өмірден алынған жазбалары оқырман үшін құнды боларын. Басқа салада жүрсе де, шығармашылығы оқырманға кең танылған Балғабай Иманшев, Кендебай Атырауов, Мақсат Қарақұлов сынды ақын-жаңды ағалар, ардагер Айша Есенбаева, ұстаз, ақын Зайра Мамырнова, Роза Көкшөкбайқызы, Айкүміс Орынбаева апайлар редакция жұмысымен тығыз байланыста болды. Ара-тұра басқосуларда қаламгерлер ортасы дүрілдеп жататын. Иә, сосын көбіне әділдік іздеген жандар осы жерден, яғни журналистерден көмек күтетін. Кейіпкеріміз Жанат апай осы кісілердің барлығына уақыт бөліп, қызмет көрсетті. Оның шап-шағын бөлмесінде ұзақты күн жұмыс бір толастамайтын.

Тәуелсіздік жылдарындағы қиын кезеңді де іргелі ұжым ың-шыңсыз еңсеріп, ел қатарлы күн кешіп жатты. Бұл да Кенжеғара ағамыздай кеңпейіл басшының адамгершілігі мен іскерлігінің арқасы десек ешкімнің таласы бола қоймас. Ойымда қалған бір мөлтек сәтті айта кетейін, жұмыстың арасында шәй ішетін арнайы бөлме бар. Қолымыз қалт еткенде үлкен-кішіміз сонда жиналамыз. Ешбір әсірелеусіз, сөздің шыны, бір нанды бөліп жеген кездер еді бұл. Қолымызға түскен Қазалының ашы кампитін шағып, бірнеше бөлікке бөліп, әрқайсымыз бір-бір түйірден алып, шәй ішеміз. Сөйтіп суық кабинеттерден тонып қалған бойымызды жылытамыз. Иә, іргелі ұжымның берекесі мен бірлігін сақтауға осындай онша елеме бермейтін сәттің өзі ерекше ықпал еткенін енді біліп отырғандаймыз.

Өмір зырлап өтіп жатыр. «Жалағаш жаршысы» аудандық газетіне алғашында тілші болып жұмысқа қабылданып, жылдар өте келе әдеби қызметкер, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, ал 2010-2017 жылдар аралығында бас редактор қызметін атқару міндеті бұйырды. Айта кетейін, «Жалағаш жаршысының» тарихындағы 22- редактор болдым.

Осы лауазымға тағайындалған уақытымда Жанат апай маған: «Қызым, сен – менің тоғызыншы редакторымысың!» деді. Таңғалдым, тап сол сәтте мен үшін редакторлықтан гөрі Жанат апайдың хатшылық қызметі әлдеқайда маңыздырақ болып көрінді. Шындығында, не деген шыдамдылық, тұрақтылық, оның ар жағында өз жұмысына деген адалдық, жауапкершілік, адамгершілік қасиеттері аңғарылып тұр емес пе?

Иә, жауапты қызметті атқаруда Жанат апай әрдайым қолдау танытып отырды. Жас отбасымыз, кейде әлдебір жағдайлар болып жатады. Қуанышы мен қиындығы қатар күндер де өтіп жатты. Соның бәрінде көңіл бөлуге тырысып, өз өмір жолынан өнегелі өңгімелер тиегін ағытатын. Сондағысы, менің жабырқаулы сәтімді бөтен адам білмесін деп алаңдайтын. Сондай әңгімесінің бірі өзінің отағасы Қалданбай ағамызбен көңіл жарастырып, отбасын құрғаны туралы баяндалатын.

Хош, Қалданбай Ахметқалиұлы ағамыз – әйгілі Бұқарбай батыр Естекбайұлының шөбересі. Әкеден жалғыз ұл. Ал Жанат Ұзақбайқызы апамыз – Сарке батырдың ұрпағы. Отбасындағы екі ағасынан кейін, қыз балалардың үлкені. Әкесі Ұзақбай екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері болатын. Заман түзеліп, ел іші тынышталған кез, жетпісінші жылдардың ортасы болуы керек. Бұқарбай, Сәркедей екі батырдың ұрпағы өзара келісіп, құдаланды болуды құп көреді. Бір күні Ұзақбай әке бойжетіп отырған қызы Жанатты шақырып алады да, Қалданбай ағамызды мензеп:

– Батамды бердім, балам! Жылап жүрсең, көз жасың маған! – депті.

Ол уақытта әке сөзіне қарсы келу қайда?! Сонымен Жанат апамыз үн-түңсіз келісіп, ұзатылып кете барған екен. Әке жүрегі сезген екен, олар жарты ғасырдан аса уақыт жұбын жазбай, бақытты, баянды ғұмыр кешіп келеді. Тектілерден тамыр тартқан ұрпақ бүгінде өсіп-өніп, жапырағын жайған алып бәйтерекке айналды.

Әулеттің иесі Қалданбай ағамыз Жалағаш аудандық білім саласында ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарып, зейнет демалысына шыққан. Біртоға, байыпшпен сөйлейтін кісі. Тағылымды, тәрбиелік мәні болмаса, артық-ауыс әңгіме айта бермейді. Ағамыздан естіген бір тағылымды әңгіме бойынша Бұқарбай батырдың бел баласы Алданазар би туралы жыр жазып, батыр атындағы байқаудан жүлде алғаным бар еді.

Иә, бүгінде ғасырға таяу тарихы бар «Жалағаш жаршысы» газетінде қырық жыл қызмет атқарған құрметті ардагер, бір әулеттің анасы Иманалиева Жанат Ұзақбайқызы 70 жасқа толып отыр. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қазақ басылымның бір қарашаңырағында қарапайым ғана хатшылық қызмет етіп, халық алдында қадірі білгітеген жанның өмір жолы тұнып тұрған өнеге!

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

<p>www.facebook.com/syrboiy.kz/</p> <p>Меншік иесі</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)</p> <p>БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)</p>	<p>Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)</p> <p>Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)</p>	<p>Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түйкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.</p> <p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>	
<p>Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".</p>	<p>e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz</p>	<p>Таралымы 21038</p>	<p>Тапсырыс №1083</p>	<p>Кезекші редактор Айнұр БАТТАЛОВА</p>